



МҰРДАЗ- ҚАЗАЛЫ

№25
(2300)
Сенбі
12 сәуір
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте Туристік саланы дамыту мен цифрландыру және «Конго-Қырым» қызбасы ауруының алдын алуға атқарылып жатқан жұмыстар жайлы мәселелер қаралды.

Жиында аудан әкімі алдымен аудандағы туризм саласының маңызды бағыттарының бірі - «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық

автомобиль дәлізінің бойындағы жол бойы сервистік кешендері екенін айтып, барлық кешендер стандартқа сай жұмыс істеуі қажеттігін ескертті.

Мәжілісте аудан көлемінде Конго-Қырым қызбасы ауруының алдын алуға байланысты атқарылып жатқан жұмыстар талқыланып, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Майра Ршымбетова аудандағы

жалпы эпидемиология мен жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша қабылданған шаралар туралы баяндады.

Жиында аудан басшысы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мен ветеринарлық станция, аудандық көп бейінді орталық ауруханасы, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, кент, қала және ауылдық округ әкімдері бірлесе отырып, залалсыздандыру

жұмыстарының алдында елді мекен айналасы мен мал қораларының механикалық тазартылуын, елді мекендердегі уақ малдарды мал тоғыту ванналарында тоғыту жұмыстарын ұйымдастыруды, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасымен ауырған науқастарды емдеу бойынша қажетті дәрі-дәрмектер қорының болуын, науқастарға дер кезінде ем-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етуді,

сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындар арасында кене шағудан қорғану шараларын насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде тапсырмалар берді.

Тапсырмалардың атқарылуын орынбасары Жалғас Сүйеубаевтың қатаң бақылауға алып, тиісті жұмыстарды үйлестіруді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖАҢА НЫСАНДАРДЫ КӨРДІ



Наурыз айында «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыруда Жанқожа батыр ауылында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтерген 300 орындық жаңа мектептің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл жаңа білім ошағы ауылдағы апатты жағдайдағы мектептің мәселесін шешті.

Сондай-ақ, Наурыз мерекесі қарсаңында Ақтан батыр аулына табиғи газ жеткізіліп, көгілдір отынға қосу рәсімі өткізілген болатын. Бұл ауыл тұрғындары үшін аса маңызды әрі көптен күткен жаңалықтардың бірі болды.

Жоғарыда айтылған қос маңызды әлеуметтік нысан-

дарды аудандық партия филиалының Атқарушы хатшысы, аудандық мәслихаттың депутаты Нұрғиса Жалғасбаев, Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаттары: Әділбек Сарабеков пен комиссия мүшесі Ерболат Мұхаш арнайы барып көрді.

Аталған нысандардың құрылысы кезінде партия тарапынан партиялық бақылау бекеттері орнатылып, тұрақты түрде бақылау жүргізіліп отырды. Нысандардың «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында іске асырылғанын айқындайтын арнайы тақтайшалар орнатылды.

ӘЛІМ АЛПЫСБАЙ МОЛДА



(Жалғасы. Басы 24 санда)

Жаппарберді репертуарының жалпы нобайынан хабар беретін жыр үзінділері арасындағы айтыс мәтіні де толық емес сияқты. Әйтпесе, бірізді келе жатқан шығарма «Қыз бала он алтыда назданасың, / Таппасаң әзір жауап сандаласың» деп қайыра күш алып барып, шорт қиылмас еді ғой. Әрине, жасының ұлғаюы, науқасты болуы, көңіл күйдің болмауы, жазып алушы мәселенің мәнін жете түсінбеуі салдарынан болсын, әйтеуір Жаппарберді баласы Тойбазар қолжазбалаған қай шығарма болсын, толық айтылмаған. Алсалғастыру арқылы анығына жетуге Г. Хұсайынқызы «Атадан қалған аманат» мақаласының кіріспесінде жазатын «...Нәби аға Алпысбай атамның айтысынан үзінді етіп айтатын, «Сұрасаң руы мен қыздың сыны-ай...» дейтін үзінділері әлі есімде» деген сөз дерегіндегі төрт тармақтан басқа табан тірерге балама нұсқа жоқ. Сондай-ақ, шығарманы Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркменстан аймағында жасаған қазақ жыршыларының репертуарынан да кезіктіре алмадық. Қай туынды болсын, талқаны түгесілмейін десе, осылай, болашаққа жалғыз жортып, ақыры жетеді екен ғой.

Бастысы, Жаппарбердінің репертуарындағы халық сүйіп тыңдайтын қимас туынды, негізгі тірек шығармалар қатарынан болған соң, оның қолжазбасын әкенің көкірек көрігіндегі мұраға жанашырлық танытқан баласы кездейсоқ болса да, таңбалап алған соң ғана айтыстың мәтіні ерекше шетін жағдайда сақталып қалған. Сондай-ақ, жазбаның соңына «Конец. Көшірген Тойбазар Жаппарбердиев» деген таңба соғылыпты. Олай болса, айтыстың мәтініне қатысты қолда бар бірнеше бұлтартпас дәлелді алға тартайық. Біріншіден, Сыр бойы – Арал аймағындағы эпикалық жыршылық дәстүрдің көрнекті өкілі, «Қырымның қырықбатыры» секілді тармақты жырлардың қатарындағы «Мәулімнияз – Едіге», «Қарасай – Қазы» және «Қыз Жібек», «Әзірет Әлі мен Дариға қыздың күресі» сияқты көлемді эпикалық туындыларды айтқан Жаппарберді жырау көзі тірісінде «Алпыс-

бай мен Паналының айтысын» негізгі репертуарының біріне айналдырған. Екіншіден, әкесі Жаппарберді білетін, заманында талай рет топқа салып айтқан мол репертуардың шағын бөлігін таным-түсінігіне, уақыт талабына, әлде әкесінің ұмытып, жадынан шығарып алуына немесе айтушының өзі де толық таңбалатуды қажет деп таппауы салдарынан, аталмыш шығармалардың шағын үзінділерін ғана қағазға түсірген Тойбазар Жаппарбердиев айтыс мәтінін 1960 жылы 3 наурызда көшірген (бәлкім, қайта көшірген болуы да мүмкін. – авт.).

«Әлім Алпысбай молда мен Паналы қыздың айтысы» бірыңғай 11 буынды қара өлең формасын сақтаған, мәтіннің үш жеріне аңдатпа «әлқисса» араласқан, бас-аяғы 262 жолды құрайды. Сөз сайысының кіріспесі мен шартты «түйіндеме» арасындағы ауызша және жазбаша айтыс, оның ішінде жұмбақ айтыс түрлеріне тән бүркемелі ой арқылы білімнің бұйдасын ұстау ерекшелігіндегі желілік тұтастық жүйесінің салыстырмалы түрде «ақаусыз» аңғарына қарап, кей тармақтағы ұйқасқа түскен кіреуке, кей жолдары түсіп қалғандай әсерде қалдыратын азын-аулақ алағаттық болмаса, мәтін толық дерлік күйінде сақталмаса да, кейін әлденеше рет сауатты айтушылық түрлемеден өту арқылы жеткен деуге болады.

Осы тұста бір қайырып айттып өтерлік жайт, XX ғасырдың басында пайда болған, Шығыс поэзиясын тұтынған этностарға тән жазбаша айтыс – ауызекі айтыстың негізінде, соның қорынан пайда болды дейтін пайымдаулар бар. Әрине, бұл екі түрдің арасында үлкен керте кездесетіні рас. Бірінде – айтыскер импровизация тәсілімен, қолма-қол, табан астында ой тауып, қажет жерінде жалтарып, қас қағымда қисынды, уәжді, дәлелді, ұтқыр өлеңмен жеңіске жетіп үлгеруі шарт болса, екіншісінде – ой, сауат, білім деңгейін көрсетуге мүмкіндігі мол. Біз сөз етіп отырған сайыс кәдуілгі «қысқа жауапқа» құрылған түре айтыс пен «бір желінің бойымен жүріп отырып, мәдени, тарихи мәліметтер келтіретін», көбіне ой тереңдігіне иек артатын жазбаша айтыс, бүркемелі ой арқылы қиял күшін «жұмбақ сырын» шешуге негіздейтін жұмбақ айтыс принциптерін қатар қолданған симбиоздығымен ерекше. Эпикалық жыршылыққа тән түрleme жайын сөз етуіміз де сондықтан.

Жалпы, бұл айтыстың болуына себепші жағдаят, кісі есімдері, жер-су атауларына қатысты сөз қозғамас бұрын Әлім Алпысбай Сауапұлына телінетін тағы бір шығармаға – «Сәулем-ай» әніне, оның «шығу тарихы» жайындағы аңыз бен оларды жеткізушілерге тоқталып өткен жөн. Өнді әуелде Қарақалпақстан топырағынан Шамалған ауылына қоныс аудара келіп, аз уақыт Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында жыр дәрісін

өткізген белгілі жыршы Наурызбек Нұржаубайұлы алып келген еді. Ал хикаясына қатысты кейбір мәліметтер алғаш рет жиһангер журналист Т.Момбекұлының бізбен ауызекі пікірлесу түрінде өткен сыр-сұхбат кітабының «Құрға жырлау» (Момбекұлы Т. Жаратқан, жар болғайсың: Сыр-сұхбат. – Алматы: Арна-б, 2011. – 372 бет) бөлімінде айтылып, көпшілік осыдан он бес жыл бұрын-ақ құлағдар етілген.

Әлім Алпысбай молда және оның өмірі мен шығармалары жайында сөз қозғаушылардың бірі, Қазалының «Қорғанша» ауылының тумасы Қаракесек Әбілхан Маханов «Сәулем-ай» әнінің аңызын «Алпысбай мен Паналының айтысына» байланысты баяндайтын. Алты ата Әлім, Қыр шектісі Қарақалпақстанға қоныс аударып, үдере көтерілгенде өздерімен бірге ала кеткен жауһарлардың бірі осы «Сәулем-ай» болса керек. Шежіре сөз «Сәулем-ай» мен әйгілі «Он алты қыз» әнін де тағдырлас етіп көрсетуге бейілді. Алайда, ауызекі айтылғанымен, ол жайында нақты табан тірейтін дерек жоқ болғандықтан, екі ортада белгілі бір байлам жасауға ерте.

Ал ұстазым Әбілхан жеткізген аңыздың желісі мынадай: «Арқада Байқорым деген бай болыпты. Оның Паналы, Саналы, Жығалы деген қатар өскен үш қызы бар екен (айтыс мәтінінде Паналы қыздың өзі «...сіңлім Жыға» дейді. – авт.). Паналыны екі аяқтыда қызыл тілді пендеге дес бермеген жүйрік екен, ерге шықпапты, «Кім мені жел сөзден жеңетін болса, соған тиемін» дегенді желеу етіп. Ертеректе бір кетенің жігіті алыстағы Паналы қыздың даңқын естіп, іздеп барып (Паналы қыз: «Жолаушы, жан екенсің жаһан кезген». – авт.), айтысқан екен. Содан қыздың сөзін ауырлап, сол елге сіңіп қалыпты-мыс».

Алтынбай Жаппарбердіден жеткен мәтіннің кіріспесіндегі «Сұрасаң руы мен қыздың сыны-ай, / Бір ауыз сөзінде бар ердің құны-ай» деп басталатын қос тармақтың алдындағы «Кете молданың Паналы қыз туралы Алпысбай молдаға сипаттаған жері» деген сыңайдағы егіз баяндаулардан бұл ауызекі жеткен аңыз-әпсана мен мәтін арасында байланыс бары байқалады. Сонымен, ән жайындағы аңыздың ұзын-ырғасы жаздың күні Арқаға «жоқ іздеп шыққан» Алпысбайдың келгені, қырық қыз нөкері бар байдың қызымен айтысқаны, ақыры басымдық танытып, Паналыны жеңгені, «сөзден жеңген адамға тиемін» деген қызға ала алмайтынын хабарлағаны, Паналының күндік жерге шығарып салғаны, сондағы қызға арнап айтқаны «Сәулем-ай» әні екен дейді. Әрине, қисынға қиыстыруы, сөйтіп ән-аңызды айтыс тарихына сиыстыруы мінсіз. Алайда, анығы Аллаға аян.

Жалпы, Паналыға қаратылып айтылатын «Реу жоқ асылында, таза тұқым, / Көрген жан кемітпейді нәсілін-ай» деген сөз-суретте мән бар. Мұны бейнелі эпитеттен гөрі, қыз әулетінің,

яғни қалың Қоңырат жұртының қоғамдағы орны мен әлеуметтік жағдайын білдіреді деу жөн. Паналы қыздың «Байлары біздің елдің Алтай, Қарпық» деген сөзін індетте отырып, әуелде Алтай тауларынан шығып, Орта жүздің құрамына кіріп (Арғын ішіндегі Алтай, Қарпықтың жайы өз алдына), Сыр бойы арқылы қазіргі Бұхара, Хиуа жағын кіре жайлап, шыға қыстаған Құрама қатарындағы (кей деректе Қоңырат. – авт.) Алтай, Қарпық этникалық тобымен байланыстыруға болады. Мәтіндегі осы ыңғайға жығылар болсақ, айтыс өтуі мүмкін географиялық аймақ Бұхара мен Хиуаға бастайды. Қолымызда жалғыз нұсқалы мәтінінен басқа мәлімет болмағандықтан, ол жөнінде әзірге кесімді пікір айту қиын.

Біз әпсанасын Алпысбай – Паналы арасында өткен сөз қақтығысы тарихымен қосанжар өріп отырған жалғыз «Сәулем-ай» әні ғана емес, халық композиторлары «шығарды» дейтін авторлы әндердің бәріне вербальдық сыңар – аңыз-әпсана қоса таңылып жүр. Сөйтіп, «жазуға сенген – жаңылшақ» дейтін жұрт ән қазынасының бір қанатын сыңар жұпқа байлап, әдеби-музыкалық фольклор жігінде егізек түр қалыптастырған. Ал айтыс композициясының тұтастығы мен мәтін өзегінің ортақ қолтаңба негізінде өрілуіне қарап, елге оралған молдеңқызбен алғашқылардың қатарында айтысып, жеңіліп, Арқада қалып қойған, Паналының мінін айттып, жөн сілтеп, жол көрсеткен кете жігіттің әңгімесін, оған қоса, Қоңырат қызының жауап сөзін фольклордағы түрлендіругәсілі арқылы қайта жырлап, бас-аяғы бүтінге айналдырса да өзі білсін. Әлде бұл ұзақ жыл жырлап, мәтінді әбден қырлап, көкірек көрігінен сан мәрте өткізген Алтынбай Жаппарбердіге тиесі тәсіл болуы да мүмкін. Ендеше, оның да ақиқатына көз жеткізу қиын.

Міне, «кете жігіт айтты» дейтін қыздың кісі таңғаларлық киімі: «Көйлегі қаналыдан, сырғасы алтын, / Гауһардан ғана қылған жағасын-ай». Өлең өрнегіндегі «кете жігіттің» сөз ауаны қыздың анасы да «Ықпалы еш адамнан қайтпайтұғын, сал құмар» болғанын аңғартады. Демек, бұл ауылдың жасы да, жасамысы да қашаннан өнерге бір иығын беріп тұратын сауыққой болған. Ал қыздың «...сұлулығы халықтан асқан, / Самсаның жарық қылар даласын-ай». Оның үстіне, шыққан тегі де атайы, «жеті атасы шынжырлы», шұбар төс тұқым. Алпысбайдың оқымысты молдаға тән емес әуейілікпен, «Көргенде көзің тояды мамасын-ай» деп шарифатты былай қойғанда, жанама әдеби әдіс-тәсілдердің бәрін ысырып тастап, тікесінен тамсануға көшетіні де қызық. Оған себеп те жоқ емес сияқты. Бұл тарапта мәтіндегі бірнеше кейіпкердің аузымен айтылатын суреттемелерде нақтылыққа қоса, қолмен қойғандай сәйкестік те байқалады.

(Жалғасы бар)

Берік ЖҮСІП,
фольклортанушы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ҰСТАУ ЖӘНЕ СЕРУЕНДЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 144 шешімі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса берілген Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 12 қазандағы № 144 шешіміне қосымша.

Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары.

1. Жалпы ережелер.

1. Осы Қызылорда облысының елді мекендерінде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Заң), "Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, география және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 168 бұйрығы сәйкес әзірленді және Қызылорда облысы аумағында үй жануарларын ұстау және серуендету тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;

2) жауапты адам – жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам;

3) ұстау орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыстар, құрылысжайлар, үй-жайлар немесе жер учаскелері;

4) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;

5) үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстау орнынан тыс жерде жануар иесінсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы;

6) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстау орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері.

2. Үй жануарларын ұстаудың тәртібі.

3. Үй жануарларын ұстау жөніндегі талаптарға мыналар жатады:

1) үй жануарларын күтіп-бағу жағдайлары олардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырады;

2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Үй жануарының иесі және жауапты адамы алаңдаушылық туғызуға, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтіруге

жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді.

5. Үй жануарларын төмендегідей орындарда ұстауға рұқсат етілмейді:

1) Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау салаларындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде қоғамдық орындарда, ұстау орындарында;

2) ортақ пайдаланылатын орындарда (баспалдақ алаңдары, жертөлелер, шатырлар, шектес балкондар, лоджиялар және ортақ пайдаланылатын қосалқы үй-жайлар);

3) үй маңындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің үй маңындағы аумақтарынан басқа);

4) асүйлер мен жатақхана дәліздерінде.

6. Үй жануарларының иесі және жауапты адам тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың, оның ішінде кондоминиум объектілерінің, қоғамдық орындардың үй жануарларымен ластануына, қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол берілмейді.

7. Бірнеше отбасы тұратын тұрғынжайда (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй) үй жануарларын ұстау медициналық қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, барлық тұратын көмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады.

8. Бау-бақша, саяжай кооперативтерінің, демалыс үйлерінің аумақтарында санитариялық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтай отырып, үй жануарларын ұстауға жол беріледі.

9. Үй жануарлары бар адамдардың жатақханалар мен қонақ үйлерде уақытша болуына Қазақстан Республикасы заңнамасының санитариялық-гигиеналық және өзге де талаптарын сақтай отырып, жатақханалар мен қонақ үйлерде белгіленген ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес көрсетілген ұйымдардың келісімімен жол беріледі.

10. Үй жануарларын қараусыз қалдыруға жол берілмейді. Қарау мүмкін болмаған жағдайда үй жануарының иесі немесе жауапты тұлға:

1) жануарды үй жануарларына арналған панажайға уақытша күтіп-бағуға орналастырады;

2) үшінші адамдарға уақытша күтіп-бағуға береді;

3) зоологиялық жатынжайға орналастырады.

11. Үй жануарын одан әрі ұстау мүмкін болмаған жағдайда жануар иесі және жауапты адам үй жануарын одан әрі орналастыруға шаралар қабылдайды.

12. Иттерді өздігінен серуендеуін және адамдар мен жануарларға шабуыл жасауды болдырмайтын жағдайларда ұсталады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда ит байлануы немесе үйшікте болады.

3. Үй жануарларын серуендету тәртібі.

13. Үй жануарларын серуендету адамдардың, басқа жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың мүлкіне үй жануарларының зиян келтіруден қорғау талабымен жүзеге асырылады.

14. Үй жануарларының иесі және жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда облысының жергілікті өкілді органдары белгілеген тәртіппен үй жануарларын серуендету ережелерін сақтайды.

15. Үй жануарларын серуендету кезінде иелері және жауапты адам келесі талаптарды сақтайды:

1) үй жануарларын тыйым салу белгісімен белгіленбеген орындарда ұзындығы 2 (екі) метрден аспайтын қарғы баумен тұмалдырықсыз серуендету, бұл ретте жануардың иесі өзімен бірге

тұмалдырық алып жүруді, ол қажет болған кезде итке дереу кигізуді;

2) жергілікті атқарушы органдармен белгіленген жерлерде, итке тұмалдырықты уақтылы кигізеді және серуендету орындарда қарғы баудың лайықты ұзындығын реттеуді;

3) үй жануарының айналасындағыларға алаңдаушылық және кедергі келтірмеуді;

4) үй жануарлары көшелер арқылы немесе магистральдардың жанында өткен кезде тұмалдырық кигізіледі және жол-көлік оқиғаларын және оның жүру бөлігінде апат болуын болдырмау үшін оны 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы бауда және ұстайды;

5) тыйым салатын жазбалар болмаған жағдайда иесінің иті тұмалдырықта және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы баумен мекемелерде, азық-түлік емес дүкендерде, поштада болуына рұқсат етіледі;

6) итті, егер бұл ретте қоғамға қауіп төнбесе, қоғамдық тәртіпті бұзбаса, иттің денсаулығына қауіп төнбесе немесе оның еркін қозғалуына кедергі келтірілмесе, ғимараттың жанында 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы баумен байлап және тұмалдырықта қалдыруға рұқсат етіледі.

16. Иттермен қорғалатын бекітілген аумақтары бар иелер иттерді өздерінің базаларында, қоймаларында, өндірістік үй-жайларында тек түнгі уақытта және қоршалған аумақта еркін серуендетеді. Күндізгі уақытта иттер байлауда немесе үйшікте болады.

17. Елді мекен аумағында:

1) иттердің өздігінен серуендеуіне;

2) үй жануарларын серуендетуге және олардың мінез-құлқын бақылауға қабілеті жоқ, оның ішінде алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан масаң күйдегі адамдарға, қоғамдық орындарда және көлікте үй жануарларын серуендетуге;

3) мектепке дейінгі балалар, білім беру, дене шынықтыру-спорттық және медициналық, емдеу ұйымдарының, мәдениет ұйымдарының, балалар мен спорттық ойын алаңдарының аумақтарында және тыйым салу белгілері орнатылған, серуендеуге арналмаған өзге де аумақтарда үй жануарларын серуендетуге;

4) адамдар шомылуға рұқсат етілген аумақта үй жануарларын серуендетуге;

5) адамдар шомылуға рұқсат етілген аумақта, тоғандарда, субұрқақтарда және су бөгеттерінде үй жануарларын шомылдыруға және жууға;

6) үй жануарларының қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында (көзі әлсіз көретін адамдарға арналған қызметтік иттер мен жетелеуші иттерден басқа), сервистік қызмет көрсету азық-түлік дүкендерінің сауда және өндірістік залдарында, мәдени мекемелерде (иттер қатысатын көрмелер, ойындар, сауық және бұқаралық іс-шаралар өткізу жағдайларын қоспағанда), діни ұйымдарда (бірлестіктерде), балалар, білім беру, медициналық ұйымдардың үй-жайларында болуына және ұсталуына жол берілмейді.

18. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуендетуге арналған орындарды Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органдары жабдықтайды.

«Қызылорда облысының ветеринария басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазалы аудандық ветеринариялық станциясы»

● Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 18 мамырда өтетін Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев және «Қарашеңгел» ауылдық округтері әкімдерінің сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді. Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері. Таралымы -11227 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -120 теңге.

Үгіт –насихат материалдары 2025 жылдың 22 сәуір күні сағат 18-00-ден кейін басталып, 2025 жылдың 17 мамыр аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49, 8(72438) 26-0-94

E.mail: tooturankazaly@mail.ru

● Хабарландыру

2025 жылдың 15 сәуірі күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезекті XXXVI сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібіне төмендегідей мәселелер ұсынылады:

1. Аудандық білім бөлімінің атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы;

2. Аудандық мәслихаттың «Өндіріс салалары, ауыл шаруашылығы, экология, табиғат ресурстарын пайдалану» жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАЙЫ ЖІТІ НАЗАРДА

Жыл көлемінде білім беру ұйымдарымен бірлесе отырып, бөлімнің жеке құрамы, сонымен қатар бөлім бастығы, орынбасарлары, бөлімше басшылары, КПБ-нің жедел уәкілдері және ЖПҚБ-нің УПИ-лары, ЮПТ-ның инспекторлары өздерінің бекітілген әкімшілік аймақтарында және аймақтарда орналасқан білім беру ұйымдарында жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, көмелетке толмағандардың тарапынан заңға қайшы іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында 38 мектеп, 3 колледж білім алушылары арасында және олардың ата-аналарымен құқықтық тәрбиелеу және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Барлық оқу орындарында оқушылармен, ата-аналармен және педагогикалық ұжымдармен кездесулер өткізіліп, жеке басқа, жеке мүлікке, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы құқық бұзушылықтардың жауапкершілігі түсіндірілді. Көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарға жол бермеу, оқушылар арасындағы дағдарыстық жағдайлардың, топтық төбелестердің алдын алу, көмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеу мақсатында үнемі «Заң және тәртіп» шеңберінде жастар арасында патриотизмді дамыту және әлеуметтік ортаға белсенді бейімдеу жұмыстары үнемі атқарылуда. Көмелетке толмағандар арасында жасалған құқық бұзушылықтың әрбір фактісі және алдағы уақытта құқық бұзушылықпен қылмыстылықтың алдын алу, жолын кесу мақсатында аудандық көмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия отырыста-

рында қаралуда. Өткізілген кездесулер бөлімнің «Фейсбук» парақшасында, бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде кеңінен насихатталуда.

2024 жылдың 12 ай көлемінде көмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің ата-аналары немесе заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта үй-жайдан тыс жерде болуы, яғни ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабының 1 бөлігіне сәйкес 34 дерек анықталып, заңды өкілінің еріп жүруінсіз сағат 22:00-06:00 дейінгі аралықта ойын-сауық мекемесінде болуы бойынша заңды өкілдеріне 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды. ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабының 2 бөлігіне сәйкес 296 дерек анықталып, олардың заңды өкілдеріне ЮПТ-ның учаскелік инспекторларымен ескерту жасалды. Аталған баптың 3 бөлігіне сәйкес 17 дерек анықталып, олардың заңды өкілдеріне соттан айыппұл салынды. Ал 127 баптың 3 бөлігіне сәйкес 73 дерек, заңды өкілдеріне 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды. 132 баптың 1 бөлігіне сәйкес яғни көмелетке толмағандардың түнгі уақытта сағат 22:00-06:00 аралығында ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беруге қатысты 14 дерек, 73-2 бабының 1 бөлігіне сәйкес 3 дерек бойынша айыппұл салынды. 73-1 бабының 1 бөлігіне сәйкес 1 дерек, 434 бабының 1 бөлігіне сәйкес 16 дерек анықталып, көмелетке толмағандарға ескерту жасалды. 435 бапқа сай 15 дерек анықталып, әкімшілік хаттама рәсімделіп аудандық сотқа жолданып, заң жүзінде тиісті шара көріліп, 7 айлық есептік көрсеткіш айыппұлдар салынды. Сонымен қатар ҚР ӘҚБтК-нің 440 бабына сәйкес 10 дерек анықталып, әкімшілік хаттама рәсімделді. 437 бабына сәйкес 4 дерегі анықталды. 434-2 бабына

сәйкес 1, 669 бабына сәйкес 1, 127 бабы 1 бөлігіне сәйкес 6 дерегі анықталып, айыппұл салынды.

Жыл басынан бері көмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің ата-аналары немесе заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта үй-жайдан тыс жерде болуы, яғни ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабының 2 бөлігіне сәйкес 67 дерек анықталып, олардың заңды өкілдеріне ЮПТ-ның учаскелік инспекторларымен ескерту жасалды. 442 бабының 3 бөлігіне сәйкес 4 дерек анықталып, олардың заңды өкілдеріне соттан айыппұл белгіленді. 127 бабының 3 бөлігіне сәйкес 6 дерек, заңды өкілдеріне 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды. Ал 440 бапқа сәйкес 1 дерек анықталып, әкімшілік хаттама рәсімделді. 128 бабының 1 бөлігіне сәйкес 1 дерек, заңды өкілдеріне 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

ҚР ӘҚБтК-нің 423-1 бабына сәйкес 1 дерек, 21 жасқа толмаған адамдарға темекіні немесе темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздыратын темекі бұйымдарды қорқорға арналған темекіні қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды сатуы бойынша шағын кәсіпкерге 25 айлық есептік көрсеткіш айыппұл салынды. 434 бабының 1 бөлігіне сәйкес 2 дерек, 435 бабына сәйкес 4 дерек анықталып, әкімшілік хаттама рәсімделіп, аудандық сотқа жолданып, заң жүзінде тиісті шара көріліп, 7 айлық есептік көрсеткіш айыппұл салынды.

Есепті мерзімде құқық бұзушылық жасағандары үшін бөлімге 90 көмелетке толмаған жеткіншек жеткізіліп, тиісті шара көрілді. Жедел-профилактикалық іс-шараны

өткізуге көмек көрсету туралы әкімдіктерге, прокуратураға (келісім бойынша), білім беру, денсаулық сақтау, қамқоршы және қорғаншы органдарына, ата-аналар комитетіне, үкіметтік емес ұйымдарға қолдау хаттар жолданды. Қылмыс немесе бірнеше рет құқық бұзушылық жасаған көмелетке толмағандарды және тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналарды тізімдік және профилактикалық есепке алу бағытында жұмыстар атқару барысында қылмыспен қайталанған құқық бұзушылық орын алған жоқ.

Мүдделі мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, ата-аналар комитетімен бірлесіп, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен қала, аудан көлемінде жастар мен көмелетке толмағандар көптеп шоғырланатын орындарда жастар және түнгі уақытта ойын-сауық орындары мен тұрғын үйден тыс жерлерде жасөспірімдердің болуын және дүкендердің көмелетке толмағандарға темекі және алкоголь өнімдерін сату деректерін анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып келеді.

Есепке алынғандар саны 12, ерекше талап саны 3, қолайсыз отбасы саны 6, олардың балалар саны 6. Айыпталушы немесе күдікті 2, пробация 1.

Жыл басынан «Түнгі қаладағы балалар» 10 қаңтар – 13 қаңтар, 30 қаңтар – 02 ақпан, Жасөспірім 27 ақпан – 1 наурыз ЖПІШ өткізіліп, біршама құқық бұзушылықтар анықталды. 27-29 наурыз күндері аралығында «Көктемгі демалыс» ЖПІШ өтті. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады.

Махаббат БЕГАЛИЕВА,
аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция тобының аға инспекторы

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.